

*Б.К. Базаркулова^{*1}, К.Т. Габдуллин²*

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторанты, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: bazarkulova.bk@gmail.com*

² *PhD, Түрксой кафедрасы меңгерушісі м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gabdullin5682@gmail.com*

ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АЯТОЛЛА ХОМЕЙНИДІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада Иран Ислам Республикасы сыртқы саяси бағытының қалыптасуындағы аятолла Хомейни-дің рөлі қарастырылады. Ислам революциясының жеңісінен кейін Иранның сыртқы саяси бағыты түбегейлі өзгерді. Оның қалыптасуы ислам революциясының көсемі аятолла Хомейнидің діни-саяси ілім негізінде жүзеге асырылды. Хомейни шах режиміне қарсы күрес жылдары оппозиция басшысы ретінде қалыптасты. Мохаммед Реза шах Пехлеви тұсында Иран АҚШ-тың одақтасына айналып, елдің ішінде Американың ықпалы күшейген болатын. Сондай-ақ шахтың «ақ революция» саясатының салдары әлеуметтік жіктелісті күшейтіп, монархиялық билікке қарсы күштерді біріктіреді. Монархиялық режимге қарсы күрес жылдары Хомейнидің сыртқы саясат бағдарламасы қалыптасады.

Ислам режимінің сыртқы саяси бағытының қалыптасуы ислам факторы және азаттық пен тәуелсіздік идеялары негізінде жүзеге асырылады. Ислам революциясының жеңісінен кейін жарияланған «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» саясаты негізінде ислам режимі суверениттетік пен толық тәуелсіздік бағытын ұстануға көшеді. Ислам діні мен ұлттық мүдделерге негізделген сыртқы саясат принциптері ИИР конституциясында бекітіледі. «Хомейни кезеңінен» кейін халықаралық қатынастар жүйесі өзгеріс-терге ұшырағанымен, оның ілімі қазіргі Иранның сыртқы саясатындағы маңыздылығын жоғалтпады.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, Иран Ислам Республикасы, аятолла Хомейни, ислам революциясы, Шығыс, Батыс, монархиялық режим, Америка, исламдық ынтымақтастық.

*Bazarkulova B.K.^{*1}, Gabdullin K.T.²*

¹ *doctoral student, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mai: bazarkulova.bk@gmail.com*

² *PhD, Acting Head of the Turksoy Department of Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: gabdullin5682@gmail.com*

THE ROLE OF AYATOLLAH KHOMEINI IN THE FORMATION OF THE FOREIGN POLICY COURSE OF THE ISLAMIC REPUBLIC OF IRAN

Abstract

The article examines the role of Ayatollah Khomeini in shaping the foreign policy of the Islamic Republic of Iran. After the victory of the Islamic revolution, Iran's foreign policy changed radically. Its formation was carried out on the basis of the religious and political teachings of the leader of the Islamic revolution, Ayatollah Khomeini. Khomeini's foreign policy program was formed during the years of struggle against the monarchical regime.

The formation of the foreign policy direction of the Islamic regime is carried out on the basis of the Islamic factor and the ideas of freedom and independence. Based on the policy of “Neither West, nor East, only Islam,” declared after the victory of the Islamic Revolution, the Islamic regime is moving towards sovereignty and complete independence. Foreign policy principles based on the Islamic religion and national interests were included in the constitution of the Republic of Iran. Despite the fact that the system of international relations has undergone changes after the “Khomeini period,” his teachings have not lost their significance in the foreign policy of modern Iran.

Key words: foreign policy, Islamic Republic of Iran, Ayatollah Khomeini, Islamic revolution, West, East, monarchical regime, USA, Islamic solidarity.

*Базаркулова Б.К.^{*1}, Габдуллин К.Т.²*

¹ *PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы, e-mail: bazarkulova.bk@gmail.com*

² *PhD, и.о. заведующего кафедрой Тюркской, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы, e-mail: gabdullin5682@gmail.com*

РОЛЬ АЯТОЛЛЫ ХОМЕЙНИ В ФОРМИРОВАНИИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО КУРСА ИСЛАМСКОЙ РЕСПУБЛИКИ ИРАН

Аннотация

В статье рассматривается роль аятоллы Хомейни в формировании внешнеполитического курса Исламской Республики Иран. После победы исламской революции внешняя политика Ирана радикально изменилась. Ее формирование осуществлялось на основе религиозно-политического учения лидера исламской революции аятоллы Хомейни. Становление Хомейни как лидера оппозиции произошло в ходе борьбы против шахского режима. Во время правления Мохаммеда Реза-шаха Пехлеви Иран стал союзником США и влияние Вашингтона на страну возросло. Последствия политики шаха «белой революции» усилили социальные разногласия и формировали оппозицию против монархической власти. Внешнеполитическая программа Хомейни формировалась в годы борьбы с монархическим режимом.

Формирование внешнеполитического направления исламского режима осуществляется на основе исламского фактора и идей свободы и независимости. Основываясь на политике «Ни Запад, ни Восток, только ислам», объявленной после победы Исламской революции, исламский режим движется к суверенитету и полной независимости. Принципы внешней политики, основанные на исламской религии и национальных интересах, были включены в конституцию Республики Иран. Несмотря на то, что система международных отношений претерпела изменения после «периода Хомейни», его учение не утратило своего значения во внешней политике современного Ирана.

Ключевые слова: внешняя политика, Исламская Республика Иран, аятолла Хомейни, исламская революция, Запад, Восток, монархический режим, США, исламская солидарность.

Кіріспе. Иран Ислам Республикасы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Иранның географиялық орналасуы стратегиялық жағынан тиімді, территориясы үлкен, халық саны көп. Оның аумағында энергетикалық ресурстардың, яғни мұнай мен газдың үлкен қоры шоғырланған және Иран маңызды мұнай сауда жолдарында орналасқан. Бұл факторлар Иранның әлемдік саясаттағы саяси салмағын көрсетеді. Геостратегиялық және геоэкономикалық факторларға байланысты ислам революциясына дейін де монархиялық Иран халықаралық сахнада маңызды орынды иеленген болатын.

Сондай-ақ Иран аймақтық саяси мәселелерді реттеуде өз мүдделері тұрғысынан тәуелсіз бағытты ұстанады, халықаралық қатынастардың белсенді мүшесі. Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Азия, Кавказ-Каспий аймағының саясатына ықпал жасап отырған мемлекет. Иран 2023 жылы аймақтық қауіпсіздік саласындағы маңызды ұйым Шанхай ынтымақтастық ұйымының толық мүшелігіне өтті.

Сыртқы саясат – тәуелсіз мемлекет саясатының бір бөлшегі. Иран мемлекетінің де сыртқы саясаты ел және ұлт тағдырына, мемлекеттің өрлеуі мен құлдырауына әсерін тигізіп отырған. Елдің сыртқы саясаты мен дипломатиясының қалыптасып дамуы географиялық, саяси және экономикалық факторларға негізделді. Отарлық кезеңде Иран географиялық орналасуы мен энергетикалық ресурстарына байланысты ұлы державалардың маңызды стратегиялық объектісі ретінде бәсекелестік сахнасына айналған еді және бұл Иран тарихында өзінің ізін қалдырған болатын. Ал XX ғ. екінші жартысында Иран сыртқы саясатында АҚШ-пен тығыз байланыстар орнатады. 1970 жылдардың басында Ұлыбритания Парсы шығанағынан кеткеннен кейін Иран АҚШ-тың қолдауымен Таяу және Орта Шығыста «Батыс жандармы» рөлін атқарды, Американың осы аймақтағы саяси одақтасы болды [1, 174 б.]

1979 ж. ислам революциясының жеңісінен кейін Иранның сыртқы саясаты өзгерістерге ұшырады. Исламдық режим Иранның соңғы шахы Мохаммед Реза шах жүргізген сыртқы саясаттан толығымен

бас тартты. Сыртқы саясаттың мақсаты – ұлттық мүдделерге қызмет жасау. Иран Ислам Республикасының (ИИР) негізін қалаған аятолла Хомейни елдің сыртқы саясаты мәселелеріне ерекше назар аударған болатын. Иран Ислам Республикасы құрылғаннан кейін ислам дініне және тәуелсіздік идеясына негізделген сыртқы саясат принциптері жарияланды.

Мақаланың мақсаты Иранның монархиялық режим тұсындағы ішкі дамуын және сыртқы саясатын сараптай отырып, ислам революциясының көсемі аятолла Хомейнидің діни-саяси көзқарастарының ИИР сыртқы саясат мақсаттары мен принциптерінің қалыптасуындағы рөлін қарастыру болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл тақырыпты зерттеуде салыстырмалы-тарихи және тарихи-жүйелік әдістер пайдаланылды. Мақала Иран Ислам Республикасының сыртқы саясаты мен аятолла Хомейнидің көзқарастары туралы жазылған ғылыми еңбектер мен мақалаларға, соның ішінде парсы тіліндегі зерттеулерге сүйене отырып жазылды. Сыртқы саясат мәселелері көрсетілген ИИР конституциясы [2], аятолла Хомейнидің әртүрлі мәселелер бойынша пікірлерін қамтитын жинақ [3] негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Талқылау. Иран Ислам Республикасының сыртқы саясаты мақсаты мен бағыттары бойынша монархиялық режимнің сыртқы саясатынан ерекшеленеді. Оның негізін ислам факторы және ел тәуелсіздігі құрайды. Исламдық Иранның сыртқы саясаты ислам революциясының жеңісінен кейін аятолла Хомейнидің діни-саяси ілімдері негізінде қалыптасты. Хомейни көзқарастарындағы негізгі идея ретінде дін мен саясаттың бірлігі және мемлекеттің толық тәуелсіздігі көрсетіледі. Оның іліміне негізделген сыртқы саясаттағы басты мақсат «ислам, мүдделер және әділеттілік» және «бірлік» ұғымдары болып табылады [3, 23 б.].

Аятолла Хомейнидің сыртқы саясат бағдарламасының қалыптасуына биполярлы кезеңдегі екі «алып» державаның саясаты, монархиялық режимнің сыртқы саясатындағы АҚШ-пен одақтастық бағыты және елдің ішіндегі монархия мен ұлтшылдықты дәріптеу саясаты ықпалын тигізген болатын. Аятолла Хомейни – Иран ислам революциясының көсемі. Ол «ақ революцияға» дейін елдің саяси істеріне араласпағанымен Пехлеви әулетінің негізін салушы Реза шах Пехлеvidің саясатын сынап, өзінің көзқарасын білдірген болатын. Хомейнидің елдің саяси сахнасына шығуы «ақ революция» кезеңінен басталады [4, 180 б.].

«Ақ революция» деген атпен белгілі реформалар жиынтығын жүргізуді Мохаммед Реза шах Пехлеви 1960 жж. басында елді жаңарту мақсатында бастаған еді. Бұл реформалар сондай-ақ «шах пен халықтың» ұлттық революциясы деп те аталды. 1963 ж. 26 қаңтарда жалпы халықтық референдумға шах реформа-ларының бағдарламасы ұсынылған кезде дін басылары қарсы шығады. Әсіресе аграрлық реформа олардың экономикалық мүдделеріне соққы болғандықтан, шииттік дін басылары бұған наразылығын білдіреді. Дін басыларының қарсылығын аятолла Хомейни басқарған болатын. Адамдардың өліміне әкелген 1963 ж. 5 маусымдағы билік пен оның қарсыластарының қақтығысынан кейін, аятолла Хомейни Мохаммед Реза шахтың ішкі және сыртқы саясатын ашық айыптауға көшеді [5]. Мохаммед Реза шах билігіне қарсы елде оппозиция қалыптасады.

Аятолла Хомейни билік тарапынан қудаланып, 1964 ж. елден кетіріледі. Ол елден шығарылғанға дейін-ақ оның Батысқа қарсылығы және өшпенділігі қалыптасқан болатын. Ол АҚШ пен Израильді «исламның дұшпандары» ретінде қарастырды. «Иран үкіметі АҚШ пен Израильдің қол шоқпары» деп атап, шахты ислам мүдделеріне сатқындық жасады деп кінәлайды [6, 182 б.]. Әсіресе, Иранның Израильмен байланыстарын айыптайды. Түркияға кетуге мәжбүр болған Хомейни 1965 жылы Иран басшылығының рұқсатымен Түркияның Бурса қаласынан Ирактың Неджеф қаласына қоныс аударады. Ол Иранның қашықта болса да шах режиміне қарсы күресін жалғастырады.

Елден қуылғаннан кейін Хомейни өзінің сыртқы саясат бағдарламасын ұсынады. Оның сыртқы саясат бойынша көзқарасы «шынайы исламдық басқару мұсылман елдерінің ішкі саясатына Батыстың араласуын қабылдамайды» деген түсінікке негізделеді [6, 182 б.]. Неджеф қаласында аятолла Хомейни шииттік қауымның алдында ислам қозғалысы, мұсылмандардың бірлігі туралы пікірлер тарата бастайды. Палестина босқындарының тағдыры туралы айтады [4, 336 б.] Оның бұл пікірлері Ислам Республикасының сыртқы саясатында көрсетілген мұсылмандық бауырластық туралы принциптердің негізін қалады деп айтуға болады. Алайда елден шетте жүргенімен, оның Иранмен байланысы үзілмейді.

Ирандағы Пехлеви режимінің Америкамен жақындасуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған еді. 1949 ж. Иранда басталған мұнайды ұлттандыру жолындағы қозғалыстың көсемі доктор Мосаддық 1953ж. мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде биліктен кетіріледі. Ал осы төңкерістен кейін қайта жанданған шах режиміне Батыс өзінің билігін сақтау үшін тірек ретінде қажет болды. Әрине, бұған сол уақытта аймақта болып жатқан саяси оқиғалар да өзінің әсерін тигізді. Иран мұнайы, басымдықты

американдық және ағылшын компаниялары иеленген Халықаралық мұнай консорциумының қолына өтеді. 1954 жылы жасалған келісім бойынша Батыстың компаниялар сатылатын Иран мұнайының 50 пайызын 25 жыл бойы алатындығы көрсетілді [1, 182 б.]. Бұл Иран – Америка байланыстарын күшейте түскен болатын. АҚШ Ирандағы ең ықпалды сыртқы күшке айналады. Америка Иранға саяси қолдаудан бастап әскери-техникалық, қаржылық қолдау көрсету саясатына көшеді. Иран 1955 жылы Таяу Шығыс аймағынада құрылған әскери блок Бағдат пактісіне (1959 ж. бастап СЕНТО) қосылады. Иранның осы ұйымға қосылуымен оның сыртқы саяси бағыты нақтыланады [4, 307 б.]. Осылайша биполярлы кезеңде Батыстың Кеңес Одағымен қарсыластығында шах режимі Таяу Шығыстағы АҚШ-тың негізгі тірегіне айналады. 1955 ж. Иран Америка компанияларына табиғи байлықтарды пайдалану құқығын береді. Сондай-ақ американдық компаниялар жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие болады. Хомейни, бұны шах үкіметі елдің тәуелсіздігіне сатқындық жасады деп атап көрсетеді [3, 31 б.]. Сондай-ақ Иранда Америка азаматтарының ирандықтарға қарағанда артықшылықтары әлдеқайда көп екені туралы ашық айтқан болатын. Осы кезеңде Иранда көптеген американдық кеңесшілер мен мамандар қызмет етті. 1959 ж. Иран АҚШ-пен әскери одақтастық туралы келісім жасайды. Америкамен басқа да көптеген келісімдер жасалады. Аятолла Хомейни бастаған шииттік дін басылары шахтың бұл саясатын мұсылман құндылықтарына сатқындық жасау деп есептейді. Аятолла Хомейни АҚШ-пен қатар әлемде үстемдік жасап отырған державалар КСРО, Англия саясатын сынап отырып, олардың бір-бірінен ешқандай артықшылығы жоғын көрсетеді. Иранның барлық қиындықтарын Америкамен байланыстырады [4, 334 б.].

Шах билігі тұсында Иранның Израильмен байланыстары достық сипатта дамыды. Иран өзара саудада Израильді мұнаймен қамтамасыз етсе, өзі қару-жарақ сатып алып отырған. Шах режимі тіпті 1973 ж. мұнай эмбаргосы тұсында Израильге ашық түрде мұнай сатуды жалғастырды. Иран мемлекеті аймақта Израильді өзінің стратегиялық одақтасы ретінде санаған. Хомейни осы уақытта «ел экономикасы толығымен Израильдің қолында» деп үндеу жасайды [1, 184 б.]. Хомейни Израильді Америкамен қатар қойып, Иранның дұшпаны ретінде қарастырады. Ал Израильден қысым көріп отырған Палестинаны қолдау көзқарасын ұстанады. Хомейни Неджеф қаласында барлық мұсылмандарды Палестина жерін Израиль басқыншылығынан қорғау үшін бірігуге шақырады [6, 185 б.].

Шах шииттік дін басыларының мемлекеттік саясатқа араласуына қарсы болды. 1970 жылдардан бастап шах үкіметі дін басыларынан тәуелсіз саясат жүргізу бағытын ұстанды. Ал аятолла Хомейни монархиялық жүйеге қарсы мұсылман дін басылары мемлекеттік билікте болатын жаңа саяси басқару жүйесін ұсынады. Иракта ол өзінің белгілі «Исламдық басқару» атты еңбегін жазады. Шиизм ілімі монархиялық биліктің заңдылығын мойындамайды. Шах диктатуралық билік орнатты деп айыпталады.

Елді жаңарту үрдістері жоғары қарқынмен жүргізілгендіктен қоғамның әлеуметтік жіктелісін күшейтті. Иран дәстүрлі қоғамының жүйесі бұзылды. Шах реформалары нәтижесінде «батыстандыру» саясатының салдары, батыстық мәдениет пен идеологияның Иранға енуі Иран қоғамының төменгі бөлігінің, дін басыларының наразылығын туғызған болатын. Ислам революциясына қатысушы күштер «алып» державалардың Иранның ішкі істеріне араласуына қарсы шықты. Олар тәуелсіздікті және елдің ұлттық және исламдық бірегейлігін сақтауды талап етті. Бұл талаптар революция кезінде ұрандар арқылы қойылды. Мысалы, революция жылдары «шахқа өлім» және «Америка империализміне өлім» ұрандары қатар пайдаланылды. Ислам революциясы жылдары имам Хомейнидің ойлары мен идеяларына негізделген «Тәуелсіздік, азаттық, Ислам Республикасы» және «Батыс та емес, Шығыс та емес, ислам Республикасы» ұрандары тарала бастады [7]. Бұл ұрандарда тәуелсіздік пен ислам идеялары ұштасып жатқанын көреміз.

Ислам революциясы басталғанда Ирак үкіметінің қысымына ұшыраған аятолла 1978 жылы қазан айында Парижге кетуге мәжбүр болды. Ал 1979 жылы 1 ақпанда 15-жылдық құғыннан кейін ол Иранға қайтып оралды. Ислам революциясы 1978 жылы қаңтарда басталып, 1979 жылы 9-11 ақпандағы Тегеран қарулы төңкерісінің нәтижесінде жеңіске жетті.

Ислам революциясы бір жағынан монархиялық режимге, екінші жағынан биполярлы әлемдік тәртіпке қарсы бағытталды. Шах режимінің құлауы, Ислам Республикасының құрылуы Таяу Шығыстағы АҚШ позициясына үлкен соққы берді. Хомейни билігі аймақтық жандарм рөлін атқарудан бас тартады. Бұл саясат аймақтағы күштер ара салмағын өзгерткен еді.

Ислам революциясының жеңісінен кейін билікке аятолла Хомейни басқарған шииттік дін басылары келді. 1979 жылы 1 сәуірде Иран Ислам Республикасы болып жарияланды. 1979 жылы желтоқсанда қабылданған Иран конституциясы бойынша дін басылары заң жүзінде елде өздерінің билігін орнатады. Хомейни Иран Ислам Республикасының негізін қалап, билік жүйесінде өзінің

«велят-е факих» ілімі негізінде діни басшының қызметін атқарады. Хомейнидің осы исламдық басқару жүйесі ислам режимінің сыртқы саясатының қалыптасуына әсерін тигізді [8].

Сеид Джавад Мирхалили зерттеуінде «Иран ислам революциясының жеңісінен кейін биполярлы әлемнің құрсауынан азат етіліп, жаңа көкжиектерге аяқ басты», - деп көрсетеді. Ал «бұл дегеніміз ұлттық абырой, ұлттық мүдделер, ислам ілімдеріне негізделген адам құқығы мен өзара құрмет көрсету» деп атайды. Иран сыртқы саясатының мақсаты – ислам қоғамын құру, Израильмен, Батыспен, соның ішінде АҚШ-пен қарсыластық, мұсылмандарды қорғау, ұлт-азаттық қозғалыстарына қолдау көрсету», - деп жазған болатын [7]. Революциядан кейін Иранның сыртқы саяси байланыстары өзара теңдік пен ынтымақтастық негізінде орнатыла бастады. Үстемдік орнатпау және үстемдікті қабылдамау, тәуелсіздікті барлық салада сақтау, шетелдікті үстемдікті орнатуға әкелетін келіссөздерге тыйым салу сияқты негізгі басымдықтар жарияланады. Иран халықаралық ұйымдарды мойындау, басқа елдердің ішкі істеріне араласпау және бұл саясатты айыптау, шиеленісті жою, мәселелерді саяси шешімдер арқылы реттеу бағытын ұстануға көшеді.

Ислам революциясының жеңісінен кейінгі Иранның сыртқы саясат кезеңі «танылу мен тәуелсіздік» кезеңі деп аталады [7]. Ел сыртқы саясатының мақсат-міндеттері, бағыттары анықталады. 1979 жылғы қабылданған Иран конституциясында сыртқы саясат мәселелерінің қарастырылуы, саясаттың бұл саласының ел үшін маңыздылығын көрсетеді. Конституцияның 152-155 бабтарды қамтитын оныншы тарауы сыртқы саясат деп аталады [2]. Бұл тарауда «ИИР-сының сыртқы саясаты басқа ел тарапынан Иранға және Иран тарапынан басқа елге кез-келген үстемдікті жоққа шығаруға, тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты сақтауға» негізделгені туралы айтылады. ИИР-сының сыртқы саяси байланыстары өзара ынтымақтастық пен теңдік принциптеріне, «үстем державалардың алдында өзіне міндеттемелер қабылдамауға» негізделген. Мемлекеттің табиғи және экономикалық ресурстарына, т.б. қоғамның салаларына шетелдік үстемдікті орнатуға әкелетін келісімдер жасауға тыйым салынған [2, 96 б.].

Ислам діні Иран қоғамында маңызды орынды иеленеді. Мұсылмандар халықтың 90 пайыздан астамын құрайды. Иран – мұсылман әлеміндегі шиизмнің орталығы. «Ислам факторы» елдің ішкі саясатымен қатар сыртқы саясатына да өзінің ықпалын тигізді. ИИР сыртқы саясаты ислам режимі саясатының бір бөлігі ретінде қалыптасты. Хомейнидің жазбаларындағы «мақсат – ислам, ел тәуелсіздігі, мұсылман елдерін біріктіру» деген пікірлері Иран Ислам республикасының сыртқы саясатының негізіне айналады [3, 23 б.]. Хомейни сыртқы саясаттың негізі ретінде қарастырған осы ұғымдардың шеңберінде ИИР сыртқы саясатының мақсаттары мен принциптері қалыптасады. Бұл туралы «Имам Хомейни көзқарастарындағы сыртқы саясат мәселелері» атты мақаласында ирандық зерттеуші Сеид Джавад Мирхалили сыртқы саясаттың мақсаттарын атап, оларға сараптама жасайды [7]. Аятолла Хомейни көзқарастарына сәйкес ИИР сыртқы саясатының мақсаты - міндеттері ретінде тәуелсіздік, ислам уммасының бірлігі, азаттық қозғалыстарына қолдау көрсету, басқа елдермен бейбіт, толерантты қарым-қатынас орнату, исламдық және адамгершілік принциптерге негізделген өзара байланыстарды дамыту қарастырылады [7].

Сыртқы саясат - елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтайтын, елдің халықаралық сахнадағы беделін көтеретін құрал. «Саяси тәуелсіздік ислам қоғамының абыройын қамтамасыз ететін» Иран сыртқы саясатының басты мақсаты ретінде қарастырылады. Хомейнидің пікірінше, ел толық тәуелсіздігін алғаннан кейін Иран мен алып державалар арасында ешқандай айырмашылық болмайды. Ол экономикалық жағынан тәуелді болу саяси тәуелділікке әкеледі дей отырып, экономикалық тәуелсіздіктің маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ мәдени тәуелсіздікті саяси тәуелсіз болудан да маңызды деп есептеген [7].

Конституциясының 9-бабында «бостандық, тәуелсіздік, бірлік, және елдің территориялық тұтастығы бір-бірінен ажырағысыз», «саяси, мәдени, экономикалық және әскери тәуелсіздікке ешкімнің нұқсан келтіруге құқысы жоқ», - деп көрсетілген [2, 34 б.]. Елдің территориялық тұтастығын сақтау мүддесі тұрғысынан елдің шекарасын қайта қарауға жол берілмейтіні туралы Конституцияның 78-бабында жазылған. Әскери тәуелсіздікті сақтау да Иран үшін маңызды. Монархиялық билік тұсында Иран әскери тұрғыдан АҚШ-пен одақтасты және белгілі мөлшерде оған тәуелді болған. Конституцияда «бірде-бір шетелдіктің елдің ішкі әскери қызметіне алынбайтыны көрсетілген. Сондай-ақ елдің аумағында, тіпті бейбіт мақсатта қандай да шетелдік әскери базаларды орналастыруға тыйым салынады [2].

Хомейни көзқарастарында мұсылман елдері арасындағы ынтымақтастық маңызды орынды иеленеді. Мұсылман елдері арасындағы бірлік, езгіге ұшырағандармен бірлесу мәселелері туралы аятолла енбек-терінде көп айтылады. Сондықтан Хомейни пікірінше, ислам уммасының бірлігі сыртқы саясаттың мақсатының бірі болып табылады. Хомейни мұсылмандарды бірігуге, исламды қорғауға шақырған [3].

Хомейни мұсылман халықтарының бірлігін күшейту, үлкен ислам үкіметін құру, тирандық режимдерді құлату туралы айтқан болатын. Конституцияның 3-бабында ИИР-сы үкіметі мақсатының бірі - «ислам талаптарына сай елдің сыртқы саясатын жүргізу, барлық мұсылмандармен бауырластық одақ құру және әлемдегі каналушыларға қолдау көрсету», - деп көрсетілген [2, 30-31 бб.]. Хомейни «ислам дінін – адамның саяси және рухани өмірін қамтитын мемлекет, мемлекетті басқаруға қатыса алатын саяси дін», – деп көрсетеді. Ол «ислам мемлекетінде ислам әділдігін орнату» қажеттігін айтады [3].

Хомейни көзқарастары бойынша, Иран сыртқы саясатының тағы бір мақсаты – азаттық қозғалыстарына қолдау және езгіге ұшырағандарға көмек көрсету. Хомейни Иранның ерікті халқы әлемдегі барлық азаттық қозғалыстарына қолдау көрсетеді дейді. Азаттық қозғалысына қолдау көрсету басқа елдердің ішкі істеріне араласу болып саналмайтынын атап көрсетеді [7].

Келесі мақсат ретінде басқа мемлекеттермен тату, толерантты, бейбіт қарым-қатынас қарастырылады. Осыған байланысты Хомейни «барлық әлеммен бейбітшілікті қалаймыз, біз бейбіт адамдар арасында өмір сүргіміз келеді» деген пікірлер айтқан болатын [7].

Хомейни халықтар арасындағы байланыста рухани мәселелерге баса назар аудара отырып, басқа елдермен байланыс ислам принциптеріне негізделу керек деп көрсетеді. Осының негізінде «исламдық және адамгершілік» принциптерге негізделген қарым-қатынас» сыртқы саясаттың мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады.

ИИР сыртқы саясатының принциптері ретінде «Батыс та емес, Шығыс та емес, ислам», ислам революциясын экспортқа шығару», «басқаның үстемдігін қабылдамау және басқаға өз үстемдігін орнатпау», «исламды және мұсылмандарды қорғау», «өзара құрмет көрсету және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау», «қанаушылықты болдырмау және каналушыларға қолдау көрсету» қарастырылады.

«Басқаның үстемдігін қабылдамау және басқаға өз үстемдігін орнатпау» және «қанаушылықты болдырмау және каналушыларға қолдау көрсету» принциптері бір-бірімен өзара байланысты және мазмұны жағынан бір-бірімен ұқсас болып келеді. Хомейни пікірінше, ислам ұлты басқаны қанамау керек және өзі де езгіде болмау керек. Ислам революциясынан кейін отаршылдықпен күреске, Батыс елдеріне қандай да бір тәуелділікте болмауға Иран Ислам Республикасы сыртқы саясатында басымдылық берілді. Мохаммед Реза шахтың билігі тұсында Иранның сыртқы саясатта АҚШ-пен одақтасуы және елдің ішінде Батыстық мәдениеттің дәріптелуі аятолла Хомейни тарапынан отарлаудың бір түрі ретінде сыналған болатын. Ол шах билігі тұсында Иран АҚШ-тың отарына айналды деген еді [9, 33 б.]. Отарлық жүйе ыдырағанымен ИИР-да отарлау түсінігі басқаша қырынан сипатталады. Мысалы, тәуелсіз ел билігінің басқа елдердің мүддесіне қызмет жасауы, табиғи қорлардың басқа ел тарапынан талан-таражға түсуі отарлық саясат ретінде қарастырылады [9, 31 б.]. Бұдан аятолланың алып державалар мен қанаушыларға қарсыластығын көреміз. Хомейнидің отаршылдыққа қарсы күресі оның отарлаушыларға қарсы өшпенділігін қалыптастырды. Ол мұсылман халықтарын шетелдік отарлаудың ықпалын жойып, өзінің дәстүрлерінің бастауына қайта оралуға шақырады [9, 35 б.].

Отаршылдықпен күреске байланысты Иранның сыртқы саясатындағы маңызды принциптердің бірі – басқаға үстемдік орнатпау және басқаның үстемдігінде болуды жоққа шығару. Бұл бағыт ел конституциясында көрсетілген. Конституция бойынша отарлау, шетелдің ықпалы, басқалардың қанауы мен үстемдігі, Иран тарапынан қанау мен үстемдік жоққа шығарылады. Конституцияның 2-бабы бойынша «Ислам республикасын «басқаларды қанамау және басқалар тарапынан қанауды болдырмау» сеніміне негізделген басқару жүйесі ретінде көрсетіледі [2, 30-31 бб.]. Сондай-ақ 3-бапта отаршылдықты толығымен жоққа шығару және шетелдің ықпалына жол бермеу үшін ИИР үкіметі барлық мүмкіндігін пайдаланады деп жазылған. Үстемдік туралы айтылғанда тек саяси үстемдік қана емес, экономикалық үстемдік мәселесі де Иран үшін маңызды болып табылады. Конституцияда қоғамның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін ел экономикасындағы шетелдік экономикалық үстемдікті болдырмау туралы жазылған [2, 46 б.] 81-баб бойынша шетелдіктерге сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі және қызмет көрсету саласында концессиялар беруге және 82-баб бойынша шетелдік эксперттерді жұмысқа тартуға толығымен тыйым салынған. Бұл тек ерекше қажетті жағдайларда және парламенттің рұқсатымен ғана болуы мүмкін екені көрсетілген [2, 61 б.].

Осы айтылған сыртқы саясат принциптері негізінде революциядан кейін үстемдікке, қанаушылыққа қарсылық ретінде ИИР АҚШ-тың елдегі саяси, экономикалық, әскери үстемдігіне соққы жасайды. Екі ел арасында жасалған келісімдердің күшін жояды, мамандарын елден шығарады және консулдықтарын жабады. Ал 1980 ж. АҚШ-пен дипломатиялық байланыстары тоқтатылып, екі ел арасында қазірге дейін жалғасып жатқан қарсыластық басталған болатын.

Хомейни көзқарастары бойынша отаршылдық саясатпен байланыстырылатын ұғым, бұл – «әлсіздер мен күштілер» күресі. Аятолла Хомейнидің әлемді «әлсіздер» - мостазефин және «күштілер» мостакберин деп бөлу көзқарасы ол Ирактың Неджеф қаласында студенттерге лекция оқыған жылдары қалыптасты [6, 183 б.] Исламның шииттік ағымы шеңберінде халықаралық қатынастар «әлсіздер» (парсы тілінде مستضعفين мостазефин – «құралақан қалғандар») және «күштілер» (парсы тілінде مستكبرين мостакберин – «тәкаппарлар») дихотомиясы арқылы түсіндіріледі [10, 280 б.]. Аятолла Хомейни исламдық әлемдік тәртіпті «әлсіздердің» «күштілерге» қарсы күресі ретінде қабылдайды. «Күштілер» немесе «тәкаппарлар» ретінде аятолла Хомейни империалистік мемлекеттерді көрсетеді. Олардың «әлсіз» елдерге өздерінің саяси жүйесін мәжбүрлеп тануы және олардың ұлттық байлықтарын қанауы туралы айтады [10, 280 б.]. Бұл мәселелер де Иран Ислам Республикасының конституциясында көрсетілген. Қазіргі уақытта да ИИР сыртқы саяси әрекеттерінде бұл дихотомия көрініс тауып отыр. Хомейни езгіге ұшырағандарды қолдап, «біздің міндетіміз қаналушылардың көмекшісі, ал қаналушылардың дұшпаны болу керек» деп айтқан еді [3, 91 б.].

«Ислам мәні мен мұсылмандарды қорғау» сыртқы саясат принципі де Хомейни көзқарастарынан бастау алады. Хомейнидің пікірінше, Иран сыртқы саясатының бағдарламасы ислам бағдарламасы болып табылады. Иран мұсылмандарды, мұсылман елдерінің тәуелсіздігін, олардың бірлігін қорғайды деп көрсетеді. Аятолла елдің жалпы сыртқы саясатын, басқа мемлекеттермен байланыстарын ислам дінімен байланыстырады. Сыртқы саясатта қаналушыларға, озбырлық көрушілерге көмек көрсету туралы көп айтады. Мұсылмандардың мүдделерін қорғауға шақырады. Мұсылман мемлекеттерінің қиыншылықтарын олардың тағдырына басқа мемлекеттердің қол сұғуымен байланыстырады. Сыртқы саясаттағы тәуелсіздікке, теңдікке, мұсылмандық бірлікке, өзара көмекке көп көңіл бөледі [3, 88 б.]. Конституцияда «елдің сыртқы саясатын ислам белгілері негізінде қалыптастыру, барлық мұсылмандармен бауырластық одақ орнату және әлемде езгіге ұшырағандарға адал ниетпен қолдау көрсету үшін» мемлекет барлық мүмкіндіктерін пайдаланады деп көрсетілген [2, 30 б.].

Келесі принцип «өзара құрмет көрсету және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау» болып табылады. Революцияның алғашқы кезеңінде Иран басқа елдермен байланысқа түсе ме, әлде оқшаулану саясатын жүргізе ме деген мәселе бойынша пікірталастар жүргізілді. Хомейни басқа елдермен байланысты дамыту-ды қолдады. Байланыстарды дамытуда басқа елдердің ішкі істеріне араласуға қарсы болды. Иран басқа халықтармен, мемлекеттермен байланыстар орнатудан бас тартпайды дейді. Басқа мемлекеттердің саясаты үстемдік орнатуға, басымдық жасауға бағытталмаса Иран өзара байланыстарда жақсы қарым-қатынастар орнатып, оларға құрмет көрсететіні туралы айтады. Мемлекеттердің бір-бірінің ішкі істеріне араласпау және байланыстарды дамыту мәселесі елдің конституциясында да көрсетілген. Конституцияның 153-бабында Иранның басқа елдердің ішкі істеріне араласпайтыны туралы жазылған [2].

Хомейни Иранның ешқандай ұлтпен жаман қарым-қатынасы жоқ екенін көрсетеді және Иран басқа қандай да бір елге басып кірмейді деп айтады. Иран халқы басқа елдің өзінің ішкі істеріне араласуына жол бермейді және өзінің азаттығы мен тәуелсіздігін сақтайды дейді. Басқа елдерге де байланысты осындай қарым-қатынасты сақтайды деп көрсетеді. Аятолла Хомейнидің осы мәселеге байланысты пікірінің негізгі түйіні Ислам Республикасы басқа мемлекеттер тарапынан өзара байланыстарда құрмет көрсетілсе, ол да басқа елдермен жақсы байланыс орнатады және оларға құрмет көрсетеді [7].

Халықаралық келісімдер бойынша міндеттер және халықаралық қауымдастықпен байланыстар бойынша Хомейни шетелдіктермен байланыс өзара құрметке негізделеді деп айтқан болатын. Жасалатын келісімдер мұсылмандардың мүдделеріне сәйкес болу керек дейді, ондай болмаған жағдайда үзілу керек деп айтады. ИИР осыны негізге ала отырып, 1979 жылы өз тарапынан Халықаралық мұнай консорциумымен жасалған келісімнің күшін жояды.

Ислам Республикасының құрылған алғашқы жылдары негізгі сыртқы саясат принциптері ретінде «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам», «ислам революциясын экспортқа шығару» ұрандары таралды [6, 208 б.]. Бұл принциптердің мазмұнына байланысты Иранның ішінде және басқа елдерде әртүрлі пікірлер айтылды.

Ислам революциясының ұраны болған Батыс та емес, Шығыс та емес, ислам» ұраны ИИР сыртқы саясатында маңызды орынды иеленеді. Тегеран қаласындағы елдің Сыртқы істер министрлігі ғимараты есігінің маңдайшасына бұл ұранның жазылуы осыны көрсетеді. Бұл ұран сол уақыттағы «екі алып державаға» қарсы бағытталды және ислам мен тәуелсіздік негізінде «исламдық даму жолы» ұсынылады. Ирандағы жаңа режим ислам құндылықтарына негізделген жаңа толық құруды мақсат етті.

Хомейнидің айтуынша, «Иран халқы Батысқа да, Шығысқа да арқа сүйемей, діни және ұлттық байлығына сүйене отырып күшті болуы керек» [3, 43 б.]. «Қырғи қабақ соғыс» кезеңі болғандықтан ол бұл жерде «Батыс» және «Шығыс» деп АҚШ пен КСРО-ны меңзейді. Ол қаналушы мұсылман халық-

тарының тек АҚШ-қа ғана емес, Кеңес Одағына да тәуелді екенін айтқан болатын. Жалпы батыстық және коммунистік идеологияға ұлттық мәдениет арқылы қарсылық көрсетуге шақырады [9, 35 б.]. Олардың ешқайсысы Иранның ішкі істеріне араласпау керек дейді. Хомейни көзқарастарында Иран Батыс және Шығыс ықпалында емес, аймақта күштер ара салмағын сақтайтын, азат және тәуелсіз ислам мемлекеті ретінде қарастырылады.

Алайда, «Батыс та емес, Шығыс та емес» көзқарасы Иран саясаткерлері үшін бұрын беймәлім болды деп айта алмаймыз. Бұл көзқарастың пайда болуына Иран тарихында болған саяси оқиғалар әсер етті. XIX ғ. II жартысында Англия мен Ресей патшалығы Иранға қарсы отарлық саясатын жүргізген еді. Екі державаның Ирандағы экономикалық үстемдігі халықтың наразылығын туғызып, халық тарапынан қарсылықтар көрсетілген болатын. 1949 ж. басталған Иран мұнайын ұлттандыру жолындағы қозғалыс кезінде үкімет басына келген Мосаддықтың сыртқы саясатынан да екі «алып» державаға қарсы осындай бағыт байқалады.

XX ғ. 60-70 жж. «батыстандыру» саясатына қарсылық ретінде Иран қоғамында «үшінші даму жолы», «исламдық даму жолы туралы» ілімдер тарала бастайды. Шииттік діни ғұламалар «исламдық даму жолын» жаңа отаршылдық пен коммунизмге қарсы қояды [6, 176 б.]. Сондай-ақ осы кезеңде мәдениет-тану мәселелеріне байланысты талас-тартыстардың нәтижесінде Иранның белгілі ғалымы Абдолхосейн Зарринкубтің «Шығыстық емес, батыстық емес – жалпы адамзаттық» деп аталатын еңбегі жарық көреді. Осы еңбектің атауы «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» ұранының пайда болуына әсер етті деген көзқарастар да таралған [11, 34 б.].

Дін басылары толық билікке келмей тұрып, 1979 ж. 5 ақпанда Хомейни буржуазияның өкілі Мехди Базарган басшылығымен уақытша революциялық үкімет құрады. Бұл өтпелі үкімет билігі тұсында да және Ислам Республикасы жарияланғаннан кейін де бұл ұранның қорғаныстық сипаты және ұлттық сипаты болды. Қорғаныстық сипаты шетелдіктерден, алып державалардан толық тәуелсіздік алу, Батыстық және Шығыстық блоктарға қосылмау, саяси, экономикалық, әскери, идеологиялық тәуелсіз болумен, ұлттық сипаты «исламдық даму жолы» идеясымен байланыстырылды [12]. Иранның өз күшіне сенуіне көңіл бөлінді, жаңа режим әскери блоктардан шығу саясатын ұстанды, нәтижесінде Иран СЕНТО ұйымынан шықты.

Осы ұранды жариялай отырып, ИИР үстемдік саясат жүргізуші державалар АҚШ пен КСРО-ның үстемдігіне қарсы бағытталған саясатын жүргізеді. Аятолла Хомейни діни тұлға ретінде марксизм мен коммунизмді де қабылдамады, ал АҚШ-тың Ирандағы саясатын сынауды ислам революциясының жеңісінен кейін де жалғастырды [6, 192 б.].

Ислам Республикасы жарияланған кезде, елдің ішінде осы ұранға сүйене отырып, Иран басқа елдермен байланыс жасамайды деген көзқарастар да таралды. Хомейни бұған қарсылығын білдіріп, басқа елдермен бейбіт байланыстар дамиды деген болатын. Имам қанаушылыққа қарсы күресуге баса назар аударды. Хомейни, шетелдіктермен байланыс өзара құрмет көрсетуге негізделеді, біз басқаға үстемдік орнатпаймыз, басқаның да үстемдігін мойындамаймыз дейді. Өз ұлтымыздың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүдделерін ескере отырып, барлық келісімшарттар негізінде әрекет жасаймыз деген болатын. Ирандық зерттеуші Хакикат өзінің зерттеуінде «Саяси тәуелсіздік және Батыс пен Шығысқа бағыныштылықтың болмауы Имам Хомейнидің сыртқы саясатының маңызды принциптерінің бірі болды», - деп жазады [8]. Ол осы принциптің негізінде Иран сыртқы саясатының шеңберін анықтайды. Бұл принциптің мазмұны «алпауыт державалардан тәуелсіз болу, жоғары менмендікті жою, тәуелсіздікті сақтау, әртүрлі бағыттағы отарлаумен күресу» деп түсіндіріледі. Бұл принципті қабылдау дегеніміз басқа елдермен байланысты үзу дегенді білдірмейді. Аятолла Хомейни бұл ұранды ұсына отырып, толық саяси және экономикалық тәуелсіздікті меңзеді, менмендікті жою және әлемде езгіге ұшыраған халықтардың көмегімен алып державаларға қарсы біртұтас майдан құру деп көрсетеді.

ИИР-сының сыртқы саясатында «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» ұранымен қатар 1990 жылдардың басына дейін ислам революциясын экспортқа шығару идеясы да негізгі орынды иеленді. Иранның бұл саясаты алғашқы кезеңде аймақ елдерінің, соның ішінде араб елдерінің алаңдаушылығын туғызды.

Бұл принциптің пайда болуы аятолла Хомейни көзқарастарынан басталады және «ислам революциясын экспортқа шығару» мәселесі ИИР-сының конституциясында да ресми түрде бекітілді [2, 22-23 бб.]. Конституцияның 11-бабында «ИИР үкіметінің саяси бағыты ислам халықтарының одағына негізделуі керек, ислам әлемінің саяси, экономикалық және мәдени бірлігін жүзеге асыруға күш салу қажет» және «Конституция елде және одан тыс аймақта революцияны таратуға жағдай жасайды» деп көрсетілген [2, 23 б.]. Исламдық ынтымақтастықты дамыту сыртқы саясаттағы негізгі мақсат ретінде қарастырылды.

«Шығыс та емес, Батыс та емес, ислам» ұраны сияқты «ислам революциясын экспортқа шығару» ұраны да Иран қоғамының ішінде мазмұны жағынан әртүрлі түсіндірілді. Бір көзқарастар бойынша бұл идеология мен өмір сүруді исламдандыру және оны мұсылман қозғалыстарына тарату болса, тағы бір көзқарастар бойынша Батыс индустриясының үстемдігінен босатылып, ислам мәдениетіне қайта оралу деп түсіндірілді [6, 210 б.].

Хомейни көзқарастары тұрғысынан «революцияны экспорттаудың мақсаты – исламды тарату» болды [7]. Оның пікірі бойынша, бұл ұранның негізгі мағынасы елдің тәуелсіздігімен байланыстырылып түсіндіріледі. «Ислам революциясын экспортқа шығару арқылы езгі мен үстемдікке шектеу қоюға болады. Шын мәнінде революцияны экспортқа шығару мәдени сипаттарға ие болу керек. Революцияны экспорттау дегеніміз басқа елдердің есігін ашу дегенді білдірмейді. Революцияны экспорттау дегеніміз барлық ұлттар мен халықтар оянып, өздерін қиындықтардан босатуы қажет. Барлық «әлсіздерге» қолдау көрсетеміз, ал «күштілерге» қарсы күресеміз дейді» [7]. Ислам революциясын экспортқа шығару» туралы Хомейнидің осы пікірлерінен «елдің тәуелсіз болуына» басты назар аударғанын байқаймыз.

Аятолла Хомейни әлемде исламдық тәртіпті орнатуға шақырады және оны жүзеге асыруда Иранның басшылық рөл атқару қажеттігін айтады. Хомейни алғашқы кезеңде ислам революциясы идеялары мен моделін мұсылман елдеріне таратудың бейбіт жолдары туралы айтады [3]. Алайда ИИР-дың іс жүзіндегі сыртқы саясаты бұл ұстанымның сақталмағанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. 1950 жж. орт. Мохаммед Реза шах сыртқы саясатында АҚШ-пен тығыз саяси, экономикалық және әскери байланыстар орнатуды бастайды. Иранның Америкаға тәуелділігі арта түседі. Ел билігінің Батыспен байланыстарының артуы бір жағынан, Кеңес Одағына, коммунизмге қарсы күрес жүргізу мақсатында еді. Екінші жағынан, Иран шахы Американы өзінің билігін сақтаудың кепілі ретінде қарастырады.

Шах Иранда диктатуралық билігін орнатады. Пехлевизм идеологиясы насихатталады. Американың қолдауымен 1963 жылы елді дамуы бойынша жаңа сатыға көтеруге бағытталған реформалар жүргізу басталады. Бұл реформалар жаңа бағыттармен толығып ислам революциясына дейін жалғасады. Реформаларды жүргізе отырып, шах Иранның аймақтық державалардың қатарына қосуды мақсат етті. Алайда реформалар тез қарқынмен жүргізіліп, халықтың әлеуметтік жағдайын қиындатты. Иранның дәстүрлі қоғамы ыдырайды. 1971 жылы Иран монархиясының 2500 жылдық мерейтойы үлкен қаржымен атап өтіледі. Шахтың саясатына қарсы елде оппозиция қалыптасады. Оның құрамы әлеуметтік жағынан да және идеологиялық тұрғыдан да біртекті болмады. Аятолла Хомейни басқарған дін басылары 1963 жылы маусым көтерілісінен кейін шах режиміне қарсы күресте негізгі рөл атқара бастайды. Хомейни «ақ революция» бағдарламасы жарияланған уақыттан бастап шахтың ішкі және сыртқы саясатын сынауға көшеді.

Хомейнидің елден кетірілуі монархияға қарсы күресті тоқтата алмады. Ирак елінің аумағына тұрақтаған Хомейни елмен байланысын үзбей, күресін жалғастырады. Осы елде Хомейни «веляят-е факих» (діни басшының билігі) принципіне негізделген «Исламдық басқару» деп аталатын еңбегін жазады. Шах режимінің сыртқы саясатын сынап отырып, аятолла Хомейни өзінің сыртқы саяси бағдарламасын қалыптастырады. Оның Иранмен тығыз байланыстар орнатып, елде саясатын жүргізіп отырған АҚШ пен Израильге өшпенділігі қалыптасады. Мұсылмандарды бірлікке және бір-біріне қолдау көрсетуге шақырады.

Ирандағы Ислам революциясының жеңісі нәтижесінде Иранда монархиялық режим құлайды. Хомейнидің басшылығымен Иранда исламдық режим қалыптасады. Хомейни монархиялық режимнің сыртқы саясатын жалғастырудан бас тартады. Ислам революциясының негізгі ұрандары болған «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» және «Азаттық, тәуелсіздік» идеялары ИИР сыртқы саясатының мақсатына айналады. Ислам революциясынан кейін сыртқы саясат принциптерінің қалыптасуы Иранның ішкі саяси дамуының көрінісі болып табылады. ИИР сыртқы саяси бағытының қалыптасуы аятолла Хомейни көзқарастары мен оның діни-саяси ілімі негізінде жүзеге асырылды. ИИР сыртқы саясатының негізгі тұжырымдамасы елдің конституциясында бекітілді. Оның негізгі принциптері ретінде елдің тәуелсіздігін, мұсылмандарға қолдау көрсетуді және басқа елдің ішкі істеріне араласпау идеяларын атап өтуге болады.

ИИР сыртқы саясатының негізгі принциптері ретінде «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» және «ислам революциясын экспортқа шығару» ұрандары жарияланады. Бұл ұрандар туралы Хомейни еңбектерінде де көп жазылды. «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» ұранының мазмұнын ирандық зерттеушілердің көзқарастары бойынша Иран қоғамының өзі әртүрлі түсінді. Бір көзқарастар бойынша, бұл дегеніміз Иран оқшаулану жағдайында қалады, басқа елдермен байланыс жасамайды дегенді білдіреді деп түсіндірді. Осындай пікірлер орыс тіліндегі Кеңес үкіметі мен қазіргі Ресей ғалымдарының

еңбектерінде де таралған. Екінші көзқарас, бұл ұранның мәні Ираның толық тәуелсіз ел болу, өз күшіне сену, әскери блоктарға қатыспауын білдіреді дейді.

«Ислам революциясын экспортқа шығару» идеясының да мағынасы әртүрлі пікірлер туғызды. Бір жағынан, шын мәнінде ислам революциясын басқа елдерге тарату деп түсіндіріледі. Бұл туралы Иранның конституциясында айтылады. Сондай-ақ бұл ұранның да мазмұны елдің тәуелсіздігін сақтау деп те айтылады.

Ислам Республикасы алғаш құрылған кездегі елдің сыртқы саясатындағы мәселелер қазірге дейін маңыздылығын жоғалтпады. Сол уақытта «алып» державаның бірі болған АҚШ-тың үстемдік саясатына Иранның қарсыластығы қазірге дейін жалғасып келеді және ел билігі Израильді «мойындамау» саясатын ұстанады. ИИР-дың бұл бағыттарынан оның отаршылдыққа, үстемдікке қарсылығы іс жүзінде көрінеді.

Қорытынды. Осы мақалада қарастырылған Иранның сыртқы саясат мәселелері бойынша аятолла Хомейнидің көзқарастары мен ИИР сыртқы саясатының мақсаты мен мүдделері ұштасып жатыр деп қорытынды жасауға болады. Оның сыртқы саясат мәселелері бойынша көзқарастарының қалыптасуына шах режимінің жүргізген саясаты әсерін тигізді. Хомейни көзқарастарындағы тәуелсіздік, мұсылмандарды қорғау, отаршылдыққа қарсы күрес мәселелері ИИР сыртқы саясатының мақсаты мен негізгі принциптерінде басшылыққа алынды. Бұл мақсат – міндеттер мен принциптер мазмұны жағынан өзара байланыста және бір-бірін толықтырып тұрады. Олардың негізгі мазмұнын сараптай келе, ИИР сыртқы саясатында басымдық ислам діні мен ұлттық мүдделерге берілетінін атап өтуге болады.

Елдің сыртқы саясатында алғашқы кезеңде «Батыс та емес, Шығыс та емес, ислам» және «ислам революциясын экспортқа шығару» принциптері басымдыққа ие болды. Бұл ұрандар Иран қоғамында және Ираннан тыс аймақтарда әртүрлі түсіндірілді және түрлі пікірлер туғызды. Осы ұрандар арқылы екі «алып» державаға қарсыластық ретінде дамудың «үшінші жолын» ұсына отырып, Иран өзінің тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды.

Иранның сыртқы саясатының мәселелері мен бағыттары қазіргі кезеңде экономикалық және саяси мәселелерге байланысты өзгерістерге ұшырады. Бірақ елдің сыртқы саясатында тәуелсіздікті сақтау, ұлттық мүдделерді қорғау маңыздылығын жоғалтқан емес. ИИР-сының Конституциясында көрсетілген сыртқы саясат тұжырымдамасы және елдің саяси жүйесі ешқандай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Бұл осы тұжырым-дамаға негізделген сыртқы саясат мақсаты мен мүдделері қазіргі уақытта да өзекті екенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аббас Манучихри. *Политическая система Ирана.*, СПб.: Петербургское Востоковедение, 2007.- 240с. [орыс тілінде]
2. قانون اساسی جمهوری اسلامی ایران: مجمع المی و فرهنگى مجد 118ص. [парсы тілінде]
3. Доктрина Исламской Революции: Избранные мысли и взгляды Имама Хомейни. М., 2009.-122с. [орыс тілінде]
4. Алиев С.М. *История Ирана.* М.: Ин-т востоковедения РАН, 2004.- 648 с. [орыс тілінде]
5. Вартумян А.А. *Исламский фактор в политическом процессе шахского Ирана и Ирана после революции 1978-79гг.: компаративистский анализ* // <https://cyberleninka.ru/article/n/islamskiy-faktor-v-politicheskom-protseesse-shahskogo-irana-i-irana-posle-revoljutsii-1978-1979-gg-komparativistskiy-analiz> [орыс тілінде]
6. Дорошенко Е.А. *Шиитское духовенство в двух революциях : 1905-1911 и 1978-79гг.* М.: Институт Востоковедения РАН, 1998. - 240 с. [орыс тілінде]
7. سيدجواد ميرخليلی. سيست خارجى جمهوری اسلامی از ديگاه امام خمينی // <https://psri.ir/?id=p1ilqnbre6> [парсы тілінде]
8. سيد صادق حقيقت سيست خارجى دولت اسلامی از ديگاه امام خمينی // <http://www.imam-khomeini.ir/fa/n126015> [парсы тілінде]
9. Филин Н.А., Кокликов В.О., Ходунов А.С., *Осмысление колониализма и деколонизации в современном социально-политическом дискурсе Ирана* // *Международная аналитика.* -2022.-Том.13(3).- С. 30-47 [орыс тілінде]
10. Чикризова О.С. *Дихотомия «обездоленные-высокомерные» в шиитском восприятии международных отношений.* Вестник РУДН. Серия:Международные отношения. 2017. Т.17. №2. С.279-289 [орыс тілінде]
11. Кляшторина В.Б. *Происхождение и трансформация лозунга иранской революции «на шарги, на гарби-эслами»* // *Иран: ислам и власть.* М.: ИВ РАН, 2001. – С. 31-36 [орыс тілінде]
12. سيد حسن ميرفخرایی. سيست خارجى دولت موقت: از عدم تعهد تا اصل نه شرقی, ته غربی

https://qps.atu.ac.ir/article_151_709557f0cf09d141e0ab2d3966582d05.pdf [нарсы тілінде]

13. Баранов А.В. Проблема освобождения Палестины как концепт политики панисламизма в мировоззрении имама Хомейни // <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-osvobozhdeniya-palestiny-kak-kontsept-politiki-panislamizma-v-mirovozzrenii-imama-homeyni/viewer> [орыс тілінде]

14. Дружиловский С. Трансформация внешнеполитического курса Ирана // *Обозреватель*. 2017 №3.- С.25-35 [орыс тілінде]

15. Раванди-Фадаи Л.М. Иран в системе интеграционных моделей современности // *Вестник экономики, права и социологии*, 2019, №3, Т.2. С.135-138 [орыс тілінде]

References:

1. Abbas Manuchihri. *Politicheskaja sistema Irana.*, Spb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2007.- 240 s.[in Russian]

2. Khanun asasi-yye dzhomkhuri-yye eslami-yye Iran. *Modzhama-e elmi va farkhangi-yye modzhad*. 118 s. [in Persian]

3. *Doktrina Islamskoj Revoljucii: Izbrannye mysli i vzglyady Imama Homejni*. M.,2009.-122 s. [in Russian]

4. Aliev S.M. *Istorija Irana*. M.: In-t vostokovdenija RAN, 2004.- 648 s. [in Russian]

5. Vartumjan A.A. *Islamskij faktor v politicheskom processe shahskogo Irana i Irana posle revoljucii 1978-79gg.: komparativistskij analiz* // cyberleninka.ru/article/n/problema-osvobozhdeniya-palestiny-kak-kontsept-politiki-panislamizma-v-mirovozzrenii-imama-Khomejni/viewer [in Russian]

6. Doroshenko E.A. *Shiitskoe duhovenstvo v dvuh revoljucijah: 1905-1911 i 1978-79gg*. M.: Institut Vostokovedenija RAN, 1998. - 240 s. [in Russian]

7. Said Dzhhavad Mirkhalili. *Siysat-ye Dzhomkhuri-yye eslami az didgakh-ye emam Khomejni* // <https://psri.ir/?id=p1ilqn6re6>. [in Persian]

8. Seyid Sadek Khakikat. *Siysat-ye doulat-e eslami az didgakh-e emam Khomejni* //

<http://www.imam-khomeini.ir/fa/n126015>[in Persian]

9. Filin N.A., Koklikov V.O., Hodunov A.S., *Osmyslenie kolonializma i dekolonizacii v sovremennom social'no-politicheskom diskurse Irana* // *Mezhdunarodnaja analitika*.-2022.-Tom.13(3). S. 30-47 [in Russian]

10. Chikrizova O.S. *Dihotomija «obezdolennye-vysokomernye» v shiitskom vosprijatii mezhdunarodnyh otnoshenij*. *Vestnik RUDN. Serija: Mezhdunarodnye otnoshenija*. 2017. T.17. №2. S.279-289 [in Russian]

11. Kljashtorina V.B. *Proishozhdenie i transformacija lozunga iranskoj revoljucii «na shargi, na garbi-jeslami»* // *Iran: islam i vlast*. M.: IV RAN, 2001. – S. 31-36 [in Russian]

12. Seyd Khasan Mirfakhrayi. *Siysat-e kharedzhi-yye doulat-e movakhkhat: az adam-ye taokhod ta asl «na shargi, na garbi»* // qps.atu.ac.ir/article_151_709557f0cf09d141e0ab2d3966582d05.pdf [in Persian]

13. Baranov A.V. *Problema osvobozhdenija Palestiny kak koncept politiki panislamizma v mirovozzrenii imama Homejni* // <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-osvobozhdeniya-palestiny-kak-kontsept-politiki-panislamizma-v-mirovozzrenii-imama-homeyni/viewer>[in Russian]

14. Druzhilovskij S. *Transformacija vneshnepoliticheskogo kursa Irana* // *Obozrevatel'*. 2017 №3.- S.25-35 [in Russian]

15. Ravandi-Fadai L.M. *Iran v sisteme integracionnyh modelej sovremennosti* // *Vestnik jekonomiki, prava i sociologii*, 2019, №3, Т.2. S.135-138 [in Russian]